

8D01504-Биология БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жошибекова Багила Съезбаевнаның «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІР

Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында Жоғары білім беру жүйесін реформалаудың басым бағыттары заманауи озық білім беру технологиялары мен жоғары білікті кадрларды даярлау процесіне бағытталады. Қоғамға тәуелсіз және сыни ойлау қабілеті бар, мәселені шығармашылықпен шеше алатын білікті маман қажет. Интеллектуалдық әлеуетті қалыптастыруда ғылым мен білімді дамытудың маңызы зор. Білім алушыға ақпарат беріп қана қоймай, оның ғылыми зерттеу әлеуетін қалыптастыру өз кезегінде зияткерлік дамуға әкеледі.

Генетика ғылымы биологияның маңызды бір бөлшегі. Генетикалық сауаттылықты арттыру қазіргі кезге дейін білім алушылар мен мұғалімдер үшін күрделі, өзекті мәселе болып тұр. Б.С Жошибекованың : «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» атты PhD докторлық диссертация жұмысының мақсаты: «Генетикадан білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда Lux-биосенсор ретінде *Escherichia coli* бактерияларын қоршаған ортаның геноуыттылығын анықтауда қолдану және зерттеу, нәтижелерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу, оқыту әдістемесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтау және оқу үдерісіне енгізу».

Докторант диссертациялық жұмысын даярлау барысында биологиялық және педагогикалық ғылыми, әдістемелік әдебиеттерден жан – жақты талдау жұмыстарын жүргізген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми - териялық негіздері айқындалды;
- генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасалды және алғаш рет генетика ғылымы мен педагогика ғылымын байланыстыра отырып, жаңа *Science, Pedagogical Technology Content* (SPTC) термині ұсынылды. Бұл білім беру процесін жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді;
- Алғаш рет білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда *Escherichia coli lux*-биосенсорларының көмегімен қоршаған ортаның геноуыттылығы зерттеліп, сандық-сапалық талдау жүргізіліп, нәтижесінде «Микроорганизмдер генетикасы» атты электронды оқу құралы құрастырылып, оқу үдерісіне енгізілді.
- Генетика оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі даярланды. Алғаш рет авторлық

куәландырылған ДНҚ штамптарының моделі жасалынып, білім беру процессінде пайдаланылды. «Генетика есептері шешуімен» атты оқу құралы және «Генетика» элективтік курсы бойынша жалпы білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы әзірленіп оқу үдерісіне енгізілді.

- Генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу үдерісіне ендірілді.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жүзеге асырылуы
Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша жарияланымдардың жалпы саны – 21; Scopus және Web of Science базасына енетін ғылыми басылымда-3; ҚР білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдар-5; Ресейлік ғылыми сілтеме индексі бар басылымдардағы жарияланымдар (РИНЦ)-2; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында-7 (оның ішінде шетелдік конференцияда - 3) мақалаларын жариялап, зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми қауымдастыққа ұсынды. Сондай-ақ, 1 - оқу құралы, 1 - электронды оқу құралы, 1 - элективті курс, 1 - педагогикалық әдіс ұсынды.

Үш жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған және диссертацияда талқыланған эксперименттік материалдар, олардың толық талдауы алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалғанына, қорғауға ұсынылған қағидалардың дәлелдегеніне негіздеме берді.

Қорыта айтқанда, Жошибекова Багила Съезбаевнаның «Генетика курсына оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында жазылған 8D01504-Биология БББ бойынша диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сай жазылған, аяқталған ғылыми кәсіби жұмыс болып табылады. Жошибекова Багила Съезбаевнаның 8D01504-Биология БББ мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ:

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Жаратылыстану және география факультеті, Биология кафедрасы
п.ғ.д. проф.м.а.

